

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрлігі<sup>1</sup>  
 Мемлекеттік кірістер комитеті  
 Төрағасынын  
 20~~22~~ жылғы «25» 11 №693  
 бүйрығымен бекітілді

## Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын есептеу тәртібі

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп «Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын, соңдай-ақ тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 391 бүйрығымен бекітілген Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларының 40-тармағына сәйкес өзірленді және тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын есептеді айқындайды.

### 2-тaraу. Тәуекел дәрежесі өлшемшарттарын есептеу тәртібі

2. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын есептеу салық төлеуші қызметінің көрсеткіштеріне байланысты балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

3. «Талап ету кезеңінде камералдық бақылау бойынша алшақтықтар» өлшемшартын қоспағанда, өлшемшарттар бойынша баллды есептеу кезінде деректер салық төлеуші қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талап ұсынылған есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша ескеріледі.

«Талап ету кезеңінде камералдық бақылау бойынша алшақтықтар» өлшемшарты бсыынша баллды есептеу кезінде деректер «Салық және бюджетке толенетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінін (Салық кодексі) 212-бабы З-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талап көрсетілген ҚҚС бойынша кезекті декларацияны табыс ету күніндегі жағдай бойынша ескеріледі

4. Салық төлеуші қызметінің көрсеткіштерін есептөү үшін мынадай параметрлер пайдаланылады:

1) ірі келемдегі кәсіпорындар - 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын есепті кезеңдің соңына дейінгі кезең үшін электрондық шот – фактуралаудың (бұдан өрі-ЭШФ) деректері бойынша айналымы 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге және одан да көп болатын салық төлеушілер;

2) орташа көлемдегі кәсіпорындар - 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын есепті кезеңдің соңына дейінгі кезең үшін ЭШФ деректері бойынша айналымы 35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңгеден аз және 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңгеден көп болатын салық төлеушілер;

3) шағын көлемдегі кәсіпорындар – 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын есепті кезеңдің соңына дейінгі кезең үшін ЭШФ деректері бойынша айналымы 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңгеден кем болатын салық төлеушілер.

Өзара байланысты тараптармен өзара есеп айырысуы 70 (жетекші) пайыздан асатын және жұмыскерлер саны 10 адамнан аз салық төлеушілерге ссы Тәртіптің 22, 23, 24 және 26-тармақтарында кәзделгендегі өлшемшарттар бойынша оң балл берілмейді.

5. «Салық мониторингіне қатысу» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) ірі салық төлеушілердің мониторингінде кемінде 2 (екі) жыл тұрған салық төлеушілерге – плюс 2 (екі) балл беріледі;

2) ірі салық төлеушілердің мониторингінде 2 (екі) жылдан астам тұрған салық төлеушілерге әрбір келесі жыл үшін – плюс 1 (бір) балл беріледі. Бұл ретте 10 (он) жылға дейінгі кезең ескеріледі;

3) ірі салық төлеушілердің мониторингінде 2 (екі) жылдан аз тұрған салық төлеушілерге және ірі салық төлеушілердің мониторингінде тұрмagan салық төлеушілерге балл берілмейді.

6. «Қызмет түрінің тұрақтылығы» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) қатарынан 4 (төрт) салық кезеңінде жазып берілген ЭШФ бойынша ҚҚС-ке нөлдік мөлшерлемені қолданған салық төлеушілерге – плюс 5 (бес) балл беріледі. Нөлдік мөлшерлемені қолданудың әрбір келесі 4 (төрт) салық кезеңі үшін плюс 2,5 (екі бүтін оңнан бес) балл беріледі;

2) қатарынан 4 (төрт) салық кезеңінен аз ҚҚС нөлдік мөлшерлемені қолданған салық төлеушілерге балл берілмейді.

Нөлдік мөлшерлемені қолдану өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін ескеріледі.

7. «Көсылған күн салығын қайтару тарихы» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) қайтаруға ҚҚС асып кетуінің расталған сомаларының үлес салмағы қайтаруға ұсынылатын ҚҚС асып кету сомасының 50 (елу) пайызын құрайтын салық төлеушілерге – плюс 5 (бес) балл беріледі;

2) қайтаруға ККС асып кетуінің расталған сомаларының үлес салмағы қайтаруға ұснылатын ККС асып кету сомасының әрбір 50 (елу) пайызынан астамын құрайтын салық төлеушілерге әрбір 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызға – плюс 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі;

3) қайтаруға ККС асып кетуінің расталған сомаларының үлес салмағы 50 (елу) пайыздан аз болатын салық төлеушілерге балл берілмейді.

Есептеу кезінде өсу корытындысымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезең үшін ККС асып кетуін қайтағу жөніндегі мәліметтер ескеріледі.

8. «Еңбекақы төлеу қоры» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) жеке табыс салығы бойынша декларацияның (бұдан әрі – ЖТС) деректері бойынша еңбекақы төлеу қорының үлес салмағы жазып берілген ЭШФ бойынша айналымға 3 (үш) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – плюс 3 (үш) балл беріледі;

2) ЖТС бойынша декларацияның деректері бойынша еңбекақы төлеу қорының үлес салмағы жазып берілген ЭШФ бойынша айналымға 3 (үш) пайыздан асатын салық төлеушілерге әрбір 0,05 (нөл бүтін жүзден бес) пайыз үшін – плюс 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі;

3) ЖТС бойынша декларацияның деректері бойынша еңбекке ақы төлеу қорының үлес салмағы жазып берілген ЭШФ бойынша айналымға 3 (үш) пайыздан аз білса балл берілмейді.

Есептеу кезінде өсу корытындысымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезең үшін ЖТС бойынша декларацияның және жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

9. «Жұмысшыларының орташа саны» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) жұмыскерлердің орташа саны 250 (екі жүз елу) адам болатын әрі көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 10 (он) адам үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі. Жұмыскерлердің орташа саны 250 (екі жүз елу) адамнан аз салық төлеушілерге балл берілмейді.

2) жұмыскерлердің орташа саны 50 (елу) адам болатын орташа көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 5 (бес) адам үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі. Жұмыскерлердің орташа саны 50 (елу) адамнан аз салық төлеушілерге балл берілмейді;

3) жұмыскерлердің орташа саны 5 (бес) адам болатын шағын көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) адам үшін 1 (бір) балл беріледі. Жұмыскерлердің орташа саны 5 (бес) адамнан аз салық төлеушілерге балл берілмейді.

Есептеу кезінде өсу корытындысымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезең үшін ЖТС бойынша декларацияның және жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

10. «1 қызметкерді қамтамасыз ететін кіріс» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеден аспайтын ірі көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 10 (он) балл беріледі. Эрбір аз 10 000 000 (он миллион) үшін 1 (бір) балл беріледі. ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеден асатын салық төлеушілерге балл берілмейді;

2) ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 100 000 000 (жүз) миллион теңгеден аспайтын орташа көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 10 (он) балл беріледі. Эрбір аз 5 000 000 (бес миллион) үшін 1 (бір) балл беріледі. ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден асатын салық төлеушілерге балдар берілмейді;

3) ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 50 000 000 (елу миллион) теңгеден аспайтын шағын көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – 10 (он) балл беріледі. Эрбір аз 3 000 000 (үш миллион) үшін 1 (бір) балл беріледі. ЭШФ бойынша айналым сомасының қызметкерлердің орташа санына қатынасы 50 000 000 (елу миллион) теңгеден асатын салық төлеушілерге балл берілмейді.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін ЖТС бойынша декларацияның және жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

11. «Тіркелген активтер» өлшемшарты бойынша балл тіркелген активтердің жылдық жиынтық кіріс сомасына (бұдан әрі – ЖЖК) арақатынасы мыналарды құрайтын салық төлеушілерге беріледі:

I топ бойынша 3 (үш) пайыз - 2 (екі) балл, әрбір 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз үшін 0,1 (нөл бүтін синан бір) балл беріледі;

II топ бойынша 2 (екі) пайыз - 2 (екі) балл, әрбір 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз үшін 0,1 (нөл бүтін синан бір) балл беріледі;

III топ бойынша 1,5 (бір бүтін оннан бес) пайыз - 1 (бір) балл, әрбір 0,1 (нөл бүтін оннаң бір) пайыз үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі;

IV топ бойынша 1 (бір) пайыз – 1 (бір) балл, әрбір 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз үшін 0,1 (нөл бүтін синан бір) балл беріледі.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі - КТС), ЖТС бойынша декларацияның және жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

12. «Мұлік салығы» өлшемшарты бойынша балл ЭШФ бойынша айналымның жалпы сомасынан төленген мұлік салығы сомаларының үлес салмағы 0,001 (нөл бүтін мыңнан бір) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – плюс 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз үшін 1 (бір) балл беріледі.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін КТС, ЖТС бойынша декларацияның және жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

13. «Өз өнімінің экспортты» елшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауарлардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын ірі көлемдегі кәсіпорынның (өндірушілердің) параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша экспорт сомасы 10 000 000 000 (он миллиард) болса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 1 000 000 000 (бір миллиард) үшін плюс 1 (бір) балл беріледі;

2) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауарлардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын орташа көлемдегі кәсіпорынның (өндірушілердің) параметрлеріне жататын салық төлеушілерге – плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша экспорт сомасы 1 000 000 000 (бір миллиард) болса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 100 000 000 (жуз миллион) үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

3) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауарлардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын шағын көлемдегі кәсіпорынның (өндірушілердің) параметрлеріне жататын салық төлеушілерге плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша экспорт сомасы 10 000 000 (он миллион) болса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 10 000 000 (эн миллион) үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептеу жазып берген ЭШФ сомасы және экспорттың үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық баллды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша берілетін ең жоғары балл плюс 10 (он) балды, сомасы бойынша плюс 10 (он) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін жазып берілген ЭШФ деректері ескеріледі.

14. «Өндірушіден сатып алынған тауарлардың экспортты» елшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын ірі көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша айналым сомасы 10 000 000 000 (он миллиард) теңгөнің кұраса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге үшін плюс 1 (бір) балл беріледі;

2) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын орташа көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша айналым сомасы 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгөнің кұраса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 100 000 000 (жүз миллион) теңге үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

3) экспорттың үлес салмағы (ЭШФ-да көрсетілген 3 (үш) және 4 (төрт) тауардың шығарылған жерінің белгілері бар межелі елдің белгілері бойынша) 80 (сексен) пайызды құрайтын шағын көлемдегі кәсіпорынның параметрлеріне жататын салық төлеушілерге плюс 3 (үш) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін плюс 1 (бір) балл.

Егер жазып берілген ЭШФ бойынша айналым сомасы 10 000 000 (он миллион) теңгөнің кұраса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 10 000 000 (он миллион) теңге үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептеу жазып берілген ЭШФ сомасы және экспорттың үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық баллды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша берілетін ең жоғары балл плюс 5 (бес) баллды, сомасы бойынша плюс 5 (бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу корытындысымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезеңде жазылған ЭШФ деректері ескеріледі.

15. «Басым сектордағы қызметті жүзеге асыру» өлшемшартты бойынша балл Қазақстан Республикасының Укіметі бекітетін экономиканың басым секторындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге плюс 20 (жиырма) балл көлемінде беріледі.

16. «Инвестициялық жобаларға қатысу» өлшемшартты бойынша инвестициялық жобаларды іске асыратын салық төлеушілерге плюс 20 (жиырма) балл көлемінде беріледі.

17. «Салықтың жүктемесінің коэффициенті» өлшемшартты бойынша ЭШФ бойынша жалпы айналымға 105101, 105306, 101110, 105327, 105326, 107109, 101105, 104101, 103101, 105322, 105307, 101111, 105329, 105104, 101202, 105319, 105330, 104302, 104401, 107110, 105305, 105284 бюджеттік сыйыптама кодтары бойынша төленген салық сомаларының (КҚС қайтару сомаларын қоспағанда) арақатынасы орташа салалық мәннін 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайызынан артық салық төлеушілерге 0,5 (нөл бүтін оннан бес) балл көлемінде беріледі. Әрбір артық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз үшін плюс 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі.

Егер төленген сомалардың ЭШФ бойынша жалпы айналымға арақатынасы орташа салалық мәннен 0,01 пайызға аз болса (нөл бүтін санының жүзден бір бөлігі) минус 0,5 (нөл бүтін оннан бес) балл беріледі. Әрбір аз 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз үшін минус 0,05 (нөл бүтін жүзден бес) балл беріледі.

18. «Салықтарды уақтылы төлеу» өлшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) төленген өсімпұлды жоқ салық төлеушілерге плюс 30 (отыз) балл колемінде беріледі;

2) салықтардың жалпы сомасында төленген өсімпұлдың және салықтың (асып кеткен ҚҚС қайтару сомаларын қоспағанда) арақатынасы 0,01 (нөл бүтін жүзден бір бөлігі) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір жоғары 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз үшін минус 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі.

Бұл ретте, егер:

1) салықтардың жалпы сомасындағы төленген өсімпұлдың арақатынасы 0,0001 (нөл бүтін он мыннан бір) пайыздан кем болса, плюс 15 (он бес) балл беріледі;

2) төленген өсімпұл сомасы 100 000 (жүз мың) теңгені құраса, минус 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 2000 (екі мың) теңге үшін минус 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі;

3) төленген өсімпұлдың сомасы 10 000 (он мың) теңгені құраса, плюс 5 (бес) балл беріледі. Әрбір кем 1 000 (бір мың) теңге үшін плюс 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептегу төленген өсімпұл сомасы мен төленген салықтардың жалпы сомасындағы төленген өсімпұлдың үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша берілетін ең жоғары балл 15 (он бес) балды құрайды, ең төменгі балт минус 15 (он бес) балды құрәйды. Төленген өсімпұл сомасы бойынша берілетін ең жоғары балл плюс 15 (он бес) балды құрайды, ең төменгі балл минус 15 (он бес) балды құрайды.

Есептегу кезінде өсу қорытындымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін 105101, 105306, 101110, 105327, 105326, 107109, 101105, 104101, 103101, 105322, 105307, 101111, 105329, 105104, 101202, 105319, 105330, 104302, 104401, 107110, 105305, 105284 бюджеттік сыйыптама кодтары бойынша дербес шоттардың мәліметтері ескеріледі.

19. «Трансферттік баға белгілеу бойынша бұзушылықтар» өлшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) трансферттік баға белгілеу бойынша түзетулері жоқ салық төлеушілерге – 10 (он) балл беріледі;

2) тексеру нәтижелері бойынша ЖЖК-ге трансферттік баға белгілеу бойынша бұзушылықтың арақатынасы 0,1 (нөлдік мақсаттар оннан бір) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір 1 (бір) пайыз үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Егер түзету сомасы 500 000 000 (бес жұз миллион) теңгені құраса, минус 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 10 000 000 (он миллион) теңге үшін минус 1 (бір) балл беріледі:

3) дербес түзету кезінде трансферттік баға белгілеу бойынша бұзушылықтың ЖЖК-ге арақатынасы 0,1 (нөл мақсат оннан бір) пайызды құрайтын салық тәлеушілерге минус 1 (бір) балл беріледі. Эрбір 1 (бір) пайыз үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Егер түзету сомасы 50 000 000 (елу миллион) теңгені құраса, минус 1 (бір) балл беріледі. Эрбір артық 10 000 000 (он миллион) теңге үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептеу түзету жүргізу негіздері, ЖЖК-ге түзету сомасының үлес салмағы және түзету сомасы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте тексеру нәтижелері бойынша берілетін ең төменгі балл түзету кезінде үлес салмағы бойынша минус 8 (сегіз) балды, берілген сома бойынша минус 10 (он) балды құрайды.

Дербес түзету кезінде үлес салмағы бойынша берілетін ең жоғары балл плюс 5 (бес) балды құрайды, ең төменгі балл минус 8 (сегіз) балды құрайды. Берілген сома бойынша ең жоғары балл плюс 5 (бес) балды құрайды, ең төменгі балл минус 5 (бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу қорытындымен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін КТС және ЖТС бойынша декларацияның деректері және салықтық тексеру нәтижелері ескеріледі.

20. «Нөлдік мөлшерлемені қолдану кезеңіндегі залал» өлшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) залалы жоқ салық тәлеушілерге – плюс 10 (он) балл беріледі;

2) залалы бар салық тәлеушілерге – әр жыл үшін минус 5 (бес) балл беріледі. Егер залал сомасы 100 000 (жұз мың) теңгені құраса, минус 5 (бес) балл беріледі, әрбір артық 10 000 000 (он миллион) теңге үшін минус 1 балл беріледі.

Бұл есептеу салық кезеңдері бойынша және залал сомасы бойынша жеке жүргізіледі және нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша берілетін ең төменгі балл минус 25 (жиырма бес) балды құрайды, залал сомасы бойынша минус 25 (жиырма бес) балл.

Есептеу кезінде өсу қорытындымен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін КТС және ЖТС бойынша декларацияның деректері ескеріледі.

21. «Тауарлардың кері импорты» өлшемшарты бойынша балдар салық тәлеушілерге беріледі:

1) кері импорты жоқ салық тәлеушілерге – плюс 10 (он) балл беріледі;

2) кері импорты бар салық тәлеушілерге – минус 30 (отыз) балл беріледі.

22. «Жалған мәмілелер бойынша өзара есеп айырысулар» өлшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) жалған мәмілелер бойынша өзара есеп айырысулары жоқ салық төлеушілерге – плюс 20 (жиырма) балл беріледі;

2) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларда көрсетілген жалған мәмілелер бойынша бұзушылықтардың есепке жатқызылған КҚС-тың жалпы сомасына қатынасы 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызды құрайтын салық төлеушілерге –минус 5 (бес) балл беріледі. Әрбір артық 1 (бір) пайыз үшін минус 5 (бес) балл беріледі.

Егер бұзушылық сомасы 100 000 (жуз мың) теңгені құраса, минус 5 балл беріледі. Әрбір артық 100 000 (жуз мың) теңге үшін минус 1 балл беріледі.

Бұл есептеу бұзушылық сомасы және есепке жатқызылған КҚС-тың жалпы сомасына бұзушылықтардың үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл ксылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша берілетін ең жоғары балл 10 (он) балды құрайды, ең төменгі балл минус 25 (жиырма бес) балды құрайды. Бұзушылық сомасы бойынша берілетін ең жоғары балл плюс 10 (он) балды құрайды, ең төменгі балл минус 25 (жиырма бес) балл.

Есептеу кезінде есу қорытындысымен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңдегі КҚС бәйнешары сомасынан деректері және есу қорытындысымен 2017 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңдері бойынша жасалған КБ нәтижелері ескеріледі.

23. «Сенімсіз кәсіпорындармен өзара есеп айырысу» өлшешары бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) сенімсіз өнім берушілермен өзара есеп айырысуы жоқ салық төлеушілерге – 5 (бес) балл беріледі;

2) алынған ЭШФ деректері бәйнешары сенімсіз өнім берушілермен өзара есеп айырысу сомаларының айналым сомасына қатынасы 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі. Әрбір 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз үшін 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі.

Егер өзара есеп айырысу сомасы 5 000 000 (бес миллион) теңгені құраса, минус 1 (бір) балл беріледі, әрбір артық 1 000 000 (бір миллион) теңге үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) балл беріледі.

Бұл есептеу өзара есеп айырысу сомасы және ЭШФ айналым сомасына үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады

Бұл ретте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 5 (бес) балды құрайды, өзара есеп айырысу сомасы бойынша минус 5 (бес) балл.

Есептеу кезінде есу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңдегі алынған ЭШФ бәйнешары мәліметтер ескеріледі.

24. «Электрондық шот-фактуралы жазып беруі шектелген кәсіпорындармен өзара есеп айырысу» өлшешары бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) ЭШФ жазып беруі шектелген өнім берушілермен өзара есеп айырысуы: жоқ салық тәлеушілерге – 10 (он) балл беріледі;

2) ЭШФ алынған деректер бойынша айналым сомасына ЭШФ жазып беруі шектелген енім берушілермен өзара есеп айырысу сомаларының арақатынасы 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызды құрайтын салық тәлеушілерге – 1 (бір) балл. Әрбір артық 5 (бес) пайыз үшін 1 балл беріледі.

Егер өзара есеп айырысу сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгені құраса, минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір артық 5 000 000 (бес миллион) үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 10 (он) балды, сәйкесіздік сомасы бойынша минус 10 (он) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу қорытындымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезең үшін алынған ЭШФ бойынша деректер мен ЭШФ жазып беруді шектеу туралы мәліметтер ескеріледі.

25. «Өзара байланысты тараптармен өзара есеп айырысу» өлшемшарты бойынша балдар мынадай тәртіппен беріледі:

1) өзара байланысты жабдықтаушылармен есеп айырысулар болмаған салық тәлеушілерге 10 (он) балл беріледі;

2) өзара байланысты жабдықтаушылармен есеп айырысу сомаларының айналым сомасына арақатынасы 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызды құрайтын салық тәлеушілерге – минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір артық 5 (бес) пайыз үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

3) өзара байланысты жабдықтаушылармен есеп айырысу сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгені құраса, минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір артық 5 000 000 (бес миллион) теңге үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептеу алынған ЭШФ-дағы өзара есеп айырысу сомасы және өзара есеп айырысу сомасының айналым сомасына үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 5 (бес) балды, өзара есеп айырысу сомасы бойынша минус 5 (бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қантардан басталған кезеңдегі алынған ЭШФ бойынша мәліметтер, тіркеу деректері және салықтық тексеру нәтижелері ескеріледі.

26. «Өнім берушілерде бересісінің болуы» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) бересісі бар өнім берушілермен өзара есеп айырысуы: жоқ салық тәлеушілерге - 10 (он) балл беріледі;

2) ЭШФ бойынша сатып алу бойынша айналым сомасына бересісі бар өнім берушілермен өзара есеп айырысулардың арақатынасы 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайызды құрайтын салық тәлеушілерге - минус 1 (бір) балл беріледі. Әрбір артық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайыз үшін минус 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі;

3) бересіңі бар өнім бераушілермен өзара есеп айырысу сомасы 500 000 (бес жүз мың) тенгені құрайтын салық төлеушілерге – минус 1 (бір) балл беріледі. Эрбір артық 100 000 (жүз мың) тенге үшін минус 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) балл беріледі.

Бұл есептеу алынған ЭШФ-дағы өзара есеп айырысу сомасы және өзара есеп айырысу сомасының айналым сомасына үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл рәтте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 15 (он бес) балды, өзара есеп айырысу сомасы бойынша минус 15 (он бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу қорытындысымен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін алынған ЭШФ деректері және 105101 бюджеттік съынптама ксды бойынша дербес шоттардың мәліметтері ескеріледі.

27. «Талап ету кезеңінде камералдық бақылау бойынша алшақтықтар» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) КБ бойынша алшақтықтар жоқ салық төлеушілерге плюс 5 (бес) балл беріледі;

2) КБ бойынша алшақтықтардың жазып берілген ЭШФ бойынша жалпы айналымға қатынасы 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызды құрайтын салық төлеушілерге – минус 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 1 (бір) пайыз үшін миес 1 (бір) балл беріледі;

3) КБ бойынша алшақтық сомасы 100 000 (жүз мың) құрайтын салық төлеушілерге – минус 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 100 000 (жүз мың) тенге үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Алшақтық сомасын анықтау үшін есептелген ҚҚС сомасы мен есегке жатқызылатын ҚҚС сомасы арасындағы айырмашылық ҚҚС асып кетуімен салыстырылады. Сәйкес келмеген жағдайда алшақтық сомасы өлшемшартты есептеу кезінде қолданылады.

Бұл есептеу алшақтықтар сомасы және ЭШФ айналым сомасына үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды айқындау үшін алынған балл қосылады.

Бұл рәтте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 25 (жиырма бес) балды, өзара есеп айырысу сомасы бойынша минус 25 (жиырма бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде ҚҚС асып кетуін қайтару бойынша талап ету кезеңіндегі ҚҚС бойынша декларациясы мен ЭШФ деректері ескеріледі.

28. «Камералдық бақылау бойынша расталған бұзушылықтар» өлшемшарты бойынша балл мынадай тәртіппен беріледі:

1) КБ бойынша расталған бұзушылықтары жоқ салық төлеушілерге 10 (он) балл беріледі;

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап өсу қорытындысымен жіберілген хабарламалар бойынша КБ бойынша расталған бұзушылықтар сомасының жазып берілген ЭШФ бойынша айналымға қатынасы 0,3 (нөл бүтін оннан үш)

пайызды құрайтын салық төлеушілерге – минус 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 1 (бір) пайыз үшін минус 1 (бір) балл беріледі;

3) КБ бойынша бұзушылықтардың ғасталған сомасы 100 000 (жұз мың) теңгені құрайтын салық тәлеушілерге – минус 5 (бес) балл беріледі. Эрбір артық 100 000 (жұз мың) теңге үшін минус 1 (бір) балл беріледі.

Бұл есептеу бұзушылық сомасы және ЭШФ айналым сомасына үлес салмағы бойынша жеке жүргізіледі, нәтижесінде жалпы жиынтық балды анықтау үшін алғынған балл қосылады.

Бұл ретте үлес салмағы бойынша ең төменгі балл минус 15 (он бес) балды, озара есеп айырысу сомасы бойынша минус 15 (он бес) балды құрайды.

Есептеу кезінде өсу көрітіндисімен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезең үшін КҚС бойынша декларацияның, ЭШФ деректері және КК бойынша мәліметтер ескеріледі.